ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«РЗА»
АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«РЗА»

РК,Кызылординская область,Казалинский р/н, кент Айтеке би, ул.Муратбаева, №1Е, тел.8(72438)–21132, ф–21884
ҚР, Қызылорда обл, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Мұратбаев к/сі, №1Е, тел: 8(72438)-21132, ф-21884 E-mail: nurmashov@list.ru

Шығу №56
«05» қыркүйек 2018 ж.

исх. №56
«05» сентябрь 2018 г.

Қызылорда облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің
басшысы Ғ.Қалиев мырзаға

«РЗА» АҚ-ы Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (БСН 140440014725, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан құрылысы, 1 үй) 2018 жылдың 27 шілдеде жарияланған №2752250-1 «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Түктібаев елді мекеніндегі тұтынушылардың шекарасына ауыз су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы» электрондық конкурсына қатысып, әлеуметтік өнім беруші ретінде, аталған конкурстың қорытынды туралы хаттамасына төмендегідей наразылығымызды білдіреміз.

Конкурс талабы бойынша әлеуметтік өнім беруші қатысушылардың жұмыс тәжірибесі 2 (екі) жыл мерзімнен кем болмауы тиіс. Конкурс мүшелерінің шешімімен **"ГЕМАКАСЕС" ЖШС-нің** жұмыс тәжірибесіне – 1 (бір) жыл деп бағалана отырып, алайда конкурсқа қатысудан шеттетілмей, жеңімпаз болып отыр.

«Жаңарту» ЖШС-і және «СК Орда Құрылыс» ЖШС-і №967173-1, №1268615-1 электрондық конкурстарына қатысып, жеңімпаз атанғандарында, конкурс құжаттамаларының талаптарының бірі бойынша аталған конкурстағы жұмыстарға: «Инфраструктура (строительство гравийной дороги, электроснабжение и водоснабжение) улиц нового микрорайона в н.п. Ширкейли, Сырдарьинского района Кызылординской области и «Строительство линии подводки водопровода до границы участков жилых домов в н.п. Куандария, Кармакшинского района Кызылординской области» қосалқы мердігер ретінде **"ГЕМАКАСЕС" ЖШС-ін** жұмысқа қосамыз деп көрсетілмеген. Қосалқы мердігерлік жұмысқа жасалынған құжаттарды алып қарағанда:

- Келісім шарттар 2017 жылмен жасалынып және құрылыс нысандары 2017 жылы қабылдау актілерімен пайдалануға беріледі, ал құрылыс жұмыстарының орындалуына жасалатын актімен счет фактуралар 1 (бір) жылдан кейін 2018 жылмен жасалынған.
- Құрылыс жұмыстарының орындалуына жасалатын акт форма №2, талапқа сай жасалынбаған, орындалған жұмыстың аты, мөлшері, бағасымен құны көрсетілмеген. Орындалған жұмыстардың актісі қызмет түріне жасалынған.
- 2017 жылы қолданыста болған ҚР Салық кодексінің 263-бабына сәйкес орындалған жұмыстардың актісі мен счет фактурасы жарамсыз болып табылады.

Сонымен бірге «СК Орда Құрылыс» ЖШС-і және **"ГЕМАКАСЕС" ЖШС-нің** мекен-жайлары электронды почталары және телефондары бірдей болып табылады.

«РЗА» АҚ-ы президенті **Имандосов С.Ж.**